Тағзым

# АЗАМАТЫН ЕЛ МАҚТАП, МАДАҚТАҒАН

Алты алаштың, қазақтың сайын сахарасында тұлпарлар түгесілген жоқ, түгесілмек де емес. Ол ұлылықтың, ұлағаттың символы. Осындай алты алаштың ардақтысы болған азамат - Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев. Ол еліміздегі бірнеше ғылым салаларының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Жамбыл Сәулебекұлының феноменінің сыры есте сақтау қабілетінің өте жоғары болуында деп ойлаймын.Себебі, естігеніміз бойынша, ол әр ғалымның қай кітабының қай бетіндегі қандай ойлар айтқандығын жатқа білген. Сонымен қатар, оның феномені еңбекқорлығымен, ізденімпаздығымен де қалыптасса керек.

Бұл кісінің дүниеден өткеніне біраз жыл болды. Алпыс тоғыз жыл ғұмырында ойлаған армандарын іс жүзінде асырып кеткен сүйікті ұл. Ол барлық інi-қарындастарына жоғарғы оқу орындарына түсуге тікелей көмектесіп, әрқайсысына бірбір диплом алып шығуына ат салысты. Академик, ғылым докторы, профессор-Жамбыл Сәулебекұлы туған- туысқандарының мақтан ететін, үлгі тұтатын нағыз азаматы.

Өзінің жұмысқа деген сауаттылығымен, кәсіпті дұрыс басқара алуымен, адамгершілік қасиеттерімен есте қалған нағыз азаматтың қандай болу керектігін өнегелі өмірімен дәлелдеп кетті. Мінбеге шығып, жас буынды білім-ғылымға үндеген абзал ағаның осы өз туған жерінде мінбеде тұрып, бақилық болып кетуінде әлі де бір бекзаттық, әлде бір қасиет,



үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп лайықта аға бола білді. Көрнекті қоғам қайраткері, ол кісі әрқашан белсенді позиция ұстанды, қаланың, облыс пен еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің бел ортасында жүрді. 70-тен астам ғылыми әдістемелік жұмыстардың авторы, Жамбыл Сәулебекұлы біздің Шет ауданымыздың Құрметті азаматы. Мен ол кісінің жерлесі болғаныма, сол кісінің атындағы мектеп-гимназиясында жұмыс істеп жүргеніме қуанаштымын.

Академик Е.А.Бөкетов республикадағы екінші университеттің аяғымен нық тұруына қатысты қыруар ұйымдастырушылық іс-шаралардың басы-қасында болды, академик Жамбыл Сәулебекұлы киелі оқу орны талапқа сай жұмыс істеп, тиісті миссиясын орындау үшін қалыптасқан университетке тер төкті. Ал, осы университеттің түлегі, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, проректор қызметін атқарған Жамбыл Ақылбаев бірнеше жыл Атырау пединститутында ректорлық лауазымда болып, қалған ғұмырын Қарағанды мемлекеттік университетіне арнады. Мен де сол универстеттің түлегімін.

Жамбыл Сәулебекұлы әкесінің өмірін жалғастырып, сипат бар деп ойлаймын. Жамбыл Сәулебекұлының жарық дүниеде қалдырған ізі, ешқашанда ұмытылмақ емес.

«Жақсының аты өлмейді» деген бабадан қалған асыл сөз, қазақтың біртуар осындай асыл азаматтарына арналса керек. Жамбыл ауданымыздың ғана мақтанышы емес, алты алашқа үлгі. Оны көзі тірісінде дәлелдеп кеткен. Бойындағы ең құнды қасиет сан мыңдаған студенттердің, оқытушылар мен ғалымдардың шынайы ұстазы, тәлімгері, қамқоршысы болағандығы.

“Азаматын ел мақтап, мадақтаған”- дегендей, жүрегі елім - деп соғатын саналы ұрпақтар барда аты өлмесі анық. Барды мақтап, жоққа шүкіршілік етейік.

**Айнагүл БАЙТӨЛЕУОВА,**
**Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.**

Шет өңірі. - 2024. - 4 шілде (№27). - 3 б.